

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 05/01 "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 тамыздағы № 58/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қыркүйекте № 3951 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 06/04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 27.01.2017 № 06/04 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің, қаржы Ұлттық экономика министірліктерімен келісілген 2014 жылғы 19 қарашадағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 3-1/600 бұйрығы, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9987 болып тіркелген) және Қарағанды облыстық Мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі №29 "Қарағанды облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы XL сессиясының "2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 452 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" II сессияның шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3781 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 05/01 " Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 3654 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 ақпандағы № 30 (22 133) " Орталық Қазақстан" және 2016 жылғы 16 ақпандағы № 20 (21 965) " Индустриальная Караганда" газеттерінде, 2016 жылдың 12 ақпандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

нұсқалған қаулының 3 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков

Қарағанды облысы әкімдігінің
2016 жылғы 04 тамыздағы №58/05
қаулысына қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 05/01 қаулысына
3-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Сала атауы	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
М а л шаруашылығы	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	4 004	15 000	60 060,0
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басымен асыл тұқымдық және селекциялық жұмысын жүргізу	бас	20 000	6 774	135 480,0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басымен асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу	бас	18 000	52 879	951 813,4
	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	154 000	1 965	302 642,0
	Импортталған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал сатып алу	бас	118 000	515	60 770,0

	Жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	100	10 400,0
	Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату 1-деңгей	тонна	300 000	20 000	6 000,0
	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	1 692	40 608,0
Барлық сома					1 567 773,4
С ү т т і бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	20 000	1 000	20 000,0
	Сүт өндірісінің құнын арзандату:	тонна		7 300	79 500,0
	2-деңгей	тонна	15 000	1 300	19 500,0
	3-деңгей	тонна	10 000	6 000	60 000,0
	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	154 000	200	30 800,0
	Импортталған асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	118 000	493	58 174,0
Барлық сома					188 474,0
Е т т і қ ұ с шаруашылығы	Құс еті өндірісінің құнын арзандату:			1 987	131 149,3
	2-деңгей	тонна	66 000	1 987	131 149,3
Барлық сома					131 149,3
Ж ұ м ы р т қ а бағыттағы құс шаруашылығы	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:			154 284	462 852,8
	1- деңгей	мың дана	3 000	154 284	462 852,8
Барлық сома					462 852,8
Қ о й шаруашылығы	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	1 500	126 000	189 000,0
	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтар сатып алу	бас	8 000	5 000	40 000,0
	Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:				105 000,0
	1- деңгей	тонна	200 000	400	80 000,0
	2- деңгей	тонна	100 000	250	25 000,0
Барлық сома					334 000,0
Ж ы л қ ы шаруашылығы	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	251	10 056,0
	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	92 000	1 156	106 320,0
	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	тонна	60 000		
Барлық сома					116 376,0
Ш о ш қ а шаруашылығы	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	98 000	1 531	150 016,5
Барлық сома					150 016,5
ЖИЫНЫ					2 950 642,0

